

### **Kazakh transcript:**

Біз тіл оқыған кезде тілді бір неше аспектілерге бөліп оқытты. Фонетика сабағы, грамматика сабағы және ауызша сөз сабағы деп бөлінді. Фонетика сабағында әрбір дыбыс қалай айтылады және сіздің сөйлем артикуляциялық базаңыз қалай орналастырылған, соны үйретіп көрсетеді, және әрбір дыбыс айтқан кезде тілді қай жерге қою керек, қалай оны айту керек, осының бәрін үйретеді. Лабораторияда наушниктарды киіп өзіңізді тындайсыздар және диктордың артынан сөздерді, дыбыстарды дұрыс сөйлеуге тырысып практика жасайсыз. Және лабораторияға сіз өзіңіз барып жұмыс істейсіз мұғалымсыз, бірақ лабораторияда әдейлеп бір кісі отырады. Ол кісі сіз жұмыс істегеннен кейін, сіздердің дәптеріңізге қолын қояды, осындай студент лабораторияда жұмыс істеді деп. Ал содан кейін сіздің ағылшын тілі мұғалымыз сіздің дәптеріңіз бойынша тексереді, сіз лабораторияда жұмыс істедіңіз бе, жоқ істеген жоқсыз ба деп. Бұл өте пайдалы нәрсе. «Неге?», десеніз, ағылшын тілі сөйлейтін жоқ жерде дұрыстап фонетиканы осы ретінде ғана үйренуге болады деп ойлаймын. Ақырындап жаңағы дыбыстарды дұрыстап айтқаннан кейін, сөздерді дұрыстап айтуға үйренгеннен кейін, диалогтарды жатқа жаттайсыздар да оны тура диктор айтқан ретінде айтуға тырысасыз. Оны дұрыстап айту үшін, интонациясын дұрыстап келтіру үшін лабораторияда көп уақыт өткізіп, жаңағы магнитофонға жазылған диалогты көп рет тындап, қайталау керек. Сүйтіп дыбыстарды үйренесіз. Әрбір дыбысқа мұғалым неше түрлі қысқа әңгімелер береді. Мысалы «P» деген ағылшын дыбысты үйрену үшін бір неше рет айтады: «пы, ті, кі». Содан кейін, «Ал енді ауаны толтырып алымыз да, сол бір ауаменен, «пы, ті, кі», деп айтыңыз», деп айтады. Содан кейін «P» деген дыбысқа біз осындай өлең үйрендік:

«Peter Piper picked a peck of pickled peppers.  
A peck of pickled peppers Peter Piper picked.  
If Peter Piper picked a peck of pickled peppers,  
Where's the peck of pickled peppers Peter Piper picked? »  
«O» деген дифтонг үйренген кезде бізге бұндай өлең үйретті:  
«Oh, no! Don't go home alone! »  
Nobody knows how long the road is.

Және басқа көп әріптерге өлеңдер үйрендік. Мысалы «SH» деген дыбысқа біз бұндай өлең жаттадық:

«She sells sea shells down by the sea shore.»

Осының бәрін үйрену қызықты болады және оны мұғалімдер тексереді, және оны айтқан үшін баға қойылады. Жаңағы дыбысты дұрыстап айтудан басқа интонацияның неше түрлісін бізге үйретті. Мысалы, high fall, low fall, high rise интонацияларын. Қалай оны интонироватету үшін көрсету, және қалай оны

айтылатыны. Мысалы, general questions қандай интонациямен айтылады, special questions қандай интонациямен айтылады, tag questions or alternative questions, әшейін сөйлемдер қалай айтылады, surprise, exclamations қалай айтылатын бәрін біз тындап оны дұрыстап айтуға тырысып үйренетінміз.

### **English translation:**

When we studied the language it was divided into several aspects. It was divided into phonetics class, grammar class and speaking class. In the phonetics class you learn how to pronounce sounds, and also how your articulation base is arranged. They show how to do it, where you should put your tongue when pronouncing a sound, how to pronounce it. All is taught. In a lab you put on headphones, listen to yourself repeat words and sounds after the speaker. Then, you would work by yourself, without a professor, but in the lab there would be one special person. After you finish your work that person will put his/her signature in your notebook, confirming that you have studied this day. Then your professor will check you, according to your notebook, [to see] if have you worked in the lab or not. It's a very useful thing. Because, I think, that in a place with no (native) English speakers it's the only way to learn phonetics. After learning to pronounce these sounds, after learning how to correctly say words, you would learn a poem and try to say it exactly like the speaker. To say it correctly, to say [it] with correct intonation, you should spend a lot of time in the lab, listening to the tape with dialogue and repeating it many times. So, you learn the sounds. For each sound the teacher gives tongue twisters. For example, to learn an English sound "P" we would say "Pi, Ti, Ki" several times. Then professor says, "And now inhale air and on one breath say, "pi, ti, ki". Then for the "P" sound we had learned this tongue twister:

"Peter Piper picked a peck of pickled peppers.  
A peck of pickled peppers Peter Piper picked.  
If Peter Piper picked a peck of pickled peppers,  
Where's the peck of pickled peppers Peter Piper picked?"

When we learned the "O" diphthong we had been given this twister:

"Oh, no! Don't go home alone!  
Nobody knows how long the road is."

We have learned many verses for the other letters as well. For example for "Sh" sound we have learned this tongue twister:

"She sells sea shells down by the sea shore."

It's all interesting to learn, and teachers check it and they give you grades for it. Not only did we learn to say these sounds correctly, [but also] we had been taught different types of intonation. For example, high fall, low fall, high rise intonations. For example, with what kind of intonation to pronounce general questions, special questions, tag questions or alternative questions; how to say basic sentences, surprise or exclamations...all of it we listened to and tried to say it correctly.

**About CultureTalk:** CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated